

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТІЛДІ

Университеттің Академиялық

комитеті (ҒӘК) мәжілісі

Хаттама № 6 «22» 06 2020 ж.

**«8D02207– МУЗЕЙ ІСІ ЖӘНЕ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚОРҒАУ»
МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН
МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ 2020

Бағдарлама «8D02207 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының Мемлекеттік жалпыға білім беру стандартына сәйкес жасалған. Бағдарламаны құрастырушылар т.ғ.к., профессор Т.Е. Картаева, т.ғ.к., доцент м.а. Н.Ю. Сойкина.

Бағдарлама кафедра мәжілісінде қарастырылған
2020 ж. _12.05___ № 28 Хаттама
Кафедра меңгерушісі _____ Р.С. Жуматаев

Факультеттің әдістемелік бюросында мақұлданған
2020 ж. 29.05. _____ № 10 Хаттама
Әдістемелік бюро төрағасы _____ Джолдыбаева У.М.

Ғылыми кеңес мәжілісінде бекітілген
2020 ж. _29.05. _____ № 10 Хаттама

Ғылыми кеңес төрағасы,
Факультет деканы _____ М.С. Ноғайбаева

Ғалым хатшы _____ Абикенова Г.Е.

МАЗМҰНЫ

1. Мамандық бойынша түсу емтиханының мақсаты мен міндеттері

«8D02207 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығы бойынша докторантураға түсушілерге арналған емтихан сұрақтары олардың жалпы білімінің ортақ деңгейін және осы саладағы ғылыми білімінің деңгейінің дайындығын анықтауға арналған.

Түсу емтиханының міндеттері:

- музей ісі және мәдени мұраларды қорғау саласындағы теориялық деңгейі мен кәсіби дайындығын анықтау;
- ғылымдағы әдістемелік мәселелер және жалпы тұжырымдамалар, дамуы мен қалыптасу тарихы бойынша білім деңгейін анықтау;
- ғылыми әдебиет және тарихи деректер кешенді қолдану және кешенді талдау әдістерін меңгеру деңгейін анықтау;
- нақты материалдарды қолдану деңгейін анықтау;
- қазіргі заманғы музей ісіндегі негізгі теориялық және практикалық мәселелер бойынша білім деңгейін анықтау;
- музейтану мәселелерінді салыстырмалы зерттеуде шығармашылық-сараптау жасау қабілеті деңгейін анықтау;
- зерттеу тақырыбына қатысты материалдарды сараптау және жүйелеу қабілетін анықтау;
- тарих және мәдениет ескерткіштерін реставрациялау, консервациялау, қорғау саласында білімін анықтау.

Түсу емтиханының түрі – жазбаша, емтихан сұрақтары бойынша өзінің жауаптарын жауап парағына жазып, емтихан комиссиясына жауап парағы арнайы код арқылы келеді. Апелляция берілген жағдайда жауап парағындағы жазбаша жауаптары арқылы қарастырылады.

2. PhD докторантураға түсушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талап

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға білім беру стандартына сәйкес докторантураның білім беру бағдарламасын игеруге талап білдіруші - магистратура білімін игерген болуы қажет.

Құзырлық:

- музейтану, тарихи-мәдени нысандарды сақтау және қорғау пәндерінің жалпы мәдениеттану пәнімен байланыстылығын түсіну;
- музейтанудағы негізгі танымдар, әдістерді нақтылап және сараптай алады;
- музеология және ескерткіштерді қорғау саласы танымдары, түсініктері және терминдерін игереді;
- музей ісі тарихы, ескерткіштерді қорғау саласының пәндерін нақтылай алады;
- тарих және мәдениет нысандарын қорғау институттары мен музейлердің осы саладағы қызметтерінің талаптарын, түрлерін, музейтанудың тұжырымдары мен теориясымен байланыстылығын анықтай алады;
- өркениет, мәдениеттанудың әртүрлі талаптарын, мәдениеттанулық үдерістерді сараптауды негізге ала отырып, зерттеу мақсаттарын шешуге қабілетті болады.

3. Білім беру бағдарламасының пререквизиттері

Әлемдік музейлер кеңістігінің заманауи мәселелері – 3 кредит;

Музей ісіндегі инновациялар: теориясы және практикасы – 3 кредит;

ҚР тарихи-мәдени және табиғат мұралары: тарихы мен әдістемесі – 3 кредит.

4. Емтихан тақырыптарының атауы «Әлемдік музейлер кеңістігінің заманауи мәселелері» пәні

1.Музейтану жүйелі білім ретінде

Музейтануға құрылымдық және функционалдық көзқарас. «Музейтану», «музей ісі», «музеология», «музеография» түсініктерінің қатынасы.

2.Музейтанудың құрылымы мен функциясы.

Музейтану құрылымының көзқарасы, жалпы және арнайы музейтану. Теориялық және қолданбалы музейтанудың байланысы. Музейтанудың құрылымдық элементтері.

3.«Музей заты» түсінігінің мәселелері

Музей заты құрылымындағы музей ісі. «Музей заты» мазмұнының түсінігі. Деректі, ақпаратты және музей затындағы мәдени құндылық. Реликті, раритетті, уникалды, жалпы нысан. Музейлік зат және музей затының мағынасы.

4. Музей затының қасиеттері және функциясы

Музей затының қасиеттері: тартымдылық, ақпараттылық, мәнерлік, қауымдастық, өкілеттілік. Музей затының функциясы: модельдеу, коммуникативті, ғылыми, ақпаратты.

5. Музейтанудың әдістері

Музейтану әдістерін талқылау. Бас ғылыми және жеке ғылыми өзекті әдістері және музейтану жүйесіндегі байланысты пәндер. Музейтану зерттеу мәселелер жүйесін талдау. Музейтанудың семиотикалық талдау әдістері. Музей хронологиясының нақты музейтану әдісі.

6. Музейтану пәні бойынша объектіні талдау

Музейтану объектісі. Музейтану субъектісінің түсіндіру мәселелері. Оны анықтауға тұжырымдамалық тәсілдер: институционалдық, функционалдық, объективті және жан-жақтылығы. Музейтану бойынша тарихи тамыр және заманауи көзқарастар.

7. Музейтанулық терминология

Музейтанудың терминологиялық мәселелері. Музейтану тілі ғылым мәселесінің халықаралық сипаты мен көлемі.

8. Музейтану деректері

Музейлер тарихы бойынша дереккөздер, библиографиялық, реферат және ақпараттық басылымдар типологиясы. Деректердің ерекше түрлері (музей каталогі, көрмелер, жинақтар, қосалқы нысандар, бағыттағыштар). Музейлердегі тарихи тәжірибені жалпылау, олардың даму үрдістерін анықтау және болжау. Музей тарихының тарихнамасы мен басқа білім тарихнамасымен байланыстыру. Отандық және шетелдік музейтану зерттеушілері.

9. Музейтану тарихнамасы

Музей тарихының тарихнамасы мен басқа білім тарихнамасымен байланыстыру. Отандық және шетелдік музейтану зерттеушілері.

10. Музейлердің қалыптасуы.

Әлеуметтік-мәдени феномен ретінде музейлер фондының қалыптасуы. Музей алды жинау. Өртүрлі мемлекеттегі әр уақытта музейдің белгілі бір топ, түр, нысандар түрлерін дамыту. Музей ісін дамытудағы дәстүр мен үздіксіздігі.

11. Музейлерді дамуының негізгі кезеңдері.

Тарихи және мәдени құндылықтарды жинақтаудың музей алды нысандары. Қайта өрлеу дәуіріндегі жүйелі коллекциялаудың басталуы. Алғаш музейлердің пайда болуы. Музейлер даму тарихы жалпы еуропалық құрылыс ретінде. Өртүрлі мемлекеттердегі әлеуметтік-саяси, экономикалық, қоғамдық және мәдени процесстерге байланысты музей тарихының ерекшеліктері.

12. Антика дәуіріндегі жинау мен коллекциялау.

Антика музейлері интеллектуалды өмірдің орталығы ретінде. Кабинет. Ликей. Академия. Музейон. Музейалды жинау-қазына(храм), реликвария, ғылыми орталықтар (музейон), өнер заттарын көрсету(пинакотека). Жинақтау практикасы, антика дәуіріндегі сақтау мен презентация. Пинакотека. Глиптотека. Есеп. Экспозициялау принципі және антикалық храмдардың жинақтардың қоғамға қолжетімділігі. Ежелгі Римдегі эллинизм дәуіріндегі ескерткіштерді коллекциялау.

13. Қайта өрлеу дәуіріндегі музей мәдениеті.

Қайта өрлеу дәуіріндегі антиканың көрінісі. Антика дәуіріндегі ескерткіштерді жоғарғы мәдениет раритеті ретінде коллекциялау. Коллекциялардың әртүрлі формалардың пайда болуы: кунсткамера, натуркабинет, галерея, «антикалық бақ». Лауазымды билеушілердің музей сарайлары. Университет музейлері. Музей ғылымының пайда болуы. Алғашқы коллекция жинаушылардың жүргізген тәжірибелері: : К. Найкель, О. Беттигер, Л. фон Ледебур, Г. Клемм, Э. Курциус.

14. Ағарту дәуіріндегі музейлер.

Академиялық музей-ағарту дәуірінің талабы. Салалы академиялық музей. Қоғамдық музейлердің адамзаттың құқық қорғау идеясының әсерінен демократизациялануы. Франциядағы жаңа музейлердің пайда болуы және ұлттық музей жобаларының революциялық идеялары. Наполеон шайқасы дәуіріндегі өнер музейлерінің өрлеуі. Жаңа музей типтерінің пайда болуы (панорама, диорама, паноптикум). Жылжымалы көрмелер. Франциядағы ескерткіштерді қорғау қызметтерінің пайда болуы. Ботаникалық бақтардың дамуы.

15. Әлемдегі ірі музейлер, олардың тарихы және сипаттамасы.

Батыс еуропа және Америка елдеріндегі музейлердің даму жолдары. Танымал әлем музейлерінің классификациясы мен тарихы. Дрезден картиналық галерея (Германия). Галерея Уффици (Италия). Лувр, Помпиду Орталығы (Франция). Британия музей (ҰлыБритания). Метрополитен (АҚШ). Амстердам Рейксмузеум (Голландия).

16. Музейтанулық ойлардың дамуы.

Тарихи аспектідегі музей этимологиясы мен басқа да арнайы музей танулық терминдердің түсініктемесі. Тарихи аспектідегі музей типологиясы мен классификациясының пайда болуы мен қазіргі заманғы мәселелері. Антика дәуіріндегі музейлерді елестетуі. Музейдің ағартушылық түсінігі. Музей демократизациясының пайда болуы мен даму идеясы. Музейдің философия-діни концепциясы.

17. Музейдің мәдени және қоғамдық болмысы.

Музей типологиясы мен классификациясы дискусиондық проблема ретінде. «профиль», «тип» және «түр» музей терминнің түсініктері. Заманауи музей классификациясы. Музей профилі, типі және түрі туралы ойлардың дәстүрлі кеңейуі. Музей сипаттамасының жаңа формаларының пайда болуы: музей-қорық, мәдени мұра орталығы, ұлттық парк.

18. Музей құжаттамасының теориясы.

Құжаттаманың мақсаты мен мәні. Құжаттаманың принципі мен критериясы. Музей құжаттамасының когнитивті-құнды сипаттамасы. «зат», музей затының мағынасы «музей заты» түсініктемесі.

19. Тезаврирование теориясы.

Тезаврирование музей зерттеу саласының екінші деңгейі, оның таным деңгейі, есебі және қорғалуы. Музей қорындағы заттарды құру тезаврированиеның бір элементі. «Музей коллекциясы» және «музей жинағының» түсініктемесі. Музей жинақтарын зерттеу шынайы өмір моделі мен құжаттамалық жүйе ретінде. Тезаврирование контекстіндегі классификация, систематизация және интерпретация. Ғылыми қор ұйымының мәні. Музей пәнінің заманауи технологиялық есебі.

20. Музей коммуникациясының теориясы.

Музей коммуникациясының басқа музей формаларымен ұқсастығы мен айырмашылығы. Музейтанудағы теориялық коммуникациясының алғышарты. Музей коммуникациясына

заманауи көзқарастар. Музей тілі мен кері байланыс мәселелері. Музей коммуникация тілін үйрену музей педагогикасының бір тапсырмасы ретінде. Музей коммуникациясының эффекті мен көпқырлылығы.

21. Заманауи музейтанудың теориялық мәселелері.

Отандық және шетелдік баспа жеріндегі музей типологиясы мен классификациясы, оның функциясы, музей педагогикасы мәселелері, музейді болашақ жоспарлау сұрақтарының көтерілуі. Музей зерттеулері. Мемлекетке музей кадрларын дайындау.

«Музей ісіндегі инновациялар: теориясы және практикасы» пәні

1. Қолданбалы музейтану.

Музей практикасын оқу, музейді жүйелеудің әртүрлі аспектілеріне анализ жасау. Музейтану мәселелері және оның қолданбалы музейтанудағы ғылыми орны.

«Қолданбалы музейтану» түсінігі

2. Музейдің ғылыми қор қызметі

Қолданбалы музейтанудың бір бағыты ретінде іріктеу, тіркеу, музей қорын сақтау мәселелерін оқу. Музей жиынтығын «ғылыми іріктеу» түсінігі. Музей қорын іріктеудің ғылыми концепциясы. Қор жинағына музейлік құны бар заттарды алу тәртібі. Әр түрлі типке және профилге музей қорын іріктеудің өзіндік тәртібі. Музей қорын іріктеу процесі кезінде құжаттау жұмысы.

3. Музей қорын тіркеу.

Музей қорын тіркеудің заңдық және ғылыми аспектілері. Алғашқы тіркеу және санау. Ғылыми – анықтамалық құрылғының структурасы мен тағайындалуы. Қорды пайдалану, тіркеу, зерттеу негізінде музей қорын компьютерлендіру. Музей каталогі мен анықтамалық жүйесі.

4. Ғылыми санау.

Музей затының ақпараттық қызметі және оны анықтайтын зерттеу жұмыстары. Музей затын зерттеудің әдісі мен кезеңдері және оның нәтижесін тіркеу. Музей затын зерттеудің кезеңдері ретінде жіктеу, жүйелеу, түсіндіру, атрибуциялау түсініктерінің мазмұны. Материалы бойынша, жасалу әдісі, жасалған жері мен уақыты, авторы, қоғамдық және ұлттық маңызы бойынша топтастырудың ерекшелігі. Музей затын монографиялық зерттеудің әдісі.

5. Музей коллекцияларын сақтау.

Музей затын сақтауға әсер ететін факторлар. Музейлік сақтаудың ғылыми мәселесі. температуралық-ылғалды, биологиялық, жарық режимінен, сақтаудың әдісі мен қадағалануы. Музей затын сақтауда оның сақталуы мен жасалған материалына байланысты қоршаған ортаның әсерін ескеру тәртібі. Қорда, экспозицияда сақтау және транспорттау кезіндегі сақталу жүйесі. Қор сақтаушылары мен реставраторлары арасындағы байланыс.

6. Музей экспозициясын жобалау.

Экспозицияның даму тарихы. Экспозиция музейдің ғылыми жұмысының бір түрі және музей жинағын жариялаудың құралы ретінде. Музей экспозициясының психологиялық аспектілері. Музей экспозициясының көлемі мен жинағының байланысы. Экспозиция кеңістігін құрудың ғылыми концепциясы мен қағидалары. Музей экспозициясының типологиясы және оның музей профиліне бағыныштылығы, экспозициядағы заттың ерекшелігі.

7. Экспозициялық заттар.

Экспозициялық заттардың түрлері. Оларды көрсетудің ерекшелігі. Музей затының ақпаратын жалпылау және оны экспозицияның құрамдас бөлігі ретінде көрсету. Экспозиция ғылым мен өнердің синтезі ретінде. Экспозициялық құрылғылар, шығарма жасаудағы қажет құрылғылар. Техникалық және дыбыстық құрылғыларды қолдану ақпарат алуды кеңейту ретінде және экспозицияның эмоциялық әсерін кеңейту.

8. Музей экспозициясын құрудың жобасы.

Ғылыми жобалаудың негізгі кезеңдері. Экспозицияның ғылыми концепциясы. Экспозицияның тақырыптық құрылымы. Экспозицияның көркемдік жобалау міндеті. Музей дизайні. Экспозицияның суретшілері мен ғылыми концепциясының авторлары арасындағы байланыс.

9. Музей ғимаратын салу және жобалау тарихы.

Музей ғимаратының архитектурасы. Музей қоры мен ғимаратына заманауи талаптар. Экспозициялық және көрмелік құрылғылардың негізгі түрлері. Ашық сақтауды ұйымдастыру. Музей ғимаратына заманауи сұраныстар.

10. Музей қызметін оқу – тәрбиелік іске асырудағы музей педагогикасы.

Музей аудиториясын оқудағы музейтану, социология, педагогика және психология әдістері. Әлеуметтік зерттеудің негізгі қызметі. Музей экспозициясын музей келушілерінің қабылдау процесі. Жұмыстың жаңаша түрін енгізу. Музейде қоғамдық және мәдени бейәмделудің мәселелері.

11. Музейдегі экскурсия.

Экскурсия – музей келушілерімен жұмыстың дәстүрлі түрі, оқу тәрбиелік және ақпараттық жүйесі. Экскурсия жұмысының тарихы. Экскурсиялық методиканың негізін қалаудағы тарихи аспектілер. «Экскурсия» түсінігі. Музей экскурсиясын жіктеу әдістері. Экскурсияның тақырып ерекшелігі.

12. Музей қызметінің негізгі ұжымдық-басқару формасы.

Мәдениет саласындағы менеджмент жүйесі. Мәдениет және нарық. Мәдениет саласындағы мемлекет бақылауы. Мәдениет саласындағы экономикалық басқару және әлеуметтік қорғау әдісі ретіндегі мәдениет бағдарлама. Музейдің заңдық статусы және басқару қызметі. Музейде жұмыс істеу критерилері. Музейдің ғылыми, ұжымдық және техникалық структурасы. Музейдің администрациялық бөлігі.

13. Музей маркетингі.

Мәдениет саласындағы маркетинг ерекшелігі. Мәдениеттегі демеушілік. Заманауи кезде музей жұмысына демеушілік жасау мәселесі. «музей маркетингі» түсінігі музей қызметінің бір саласы ретінде. Музей баспасының қажеттігін арттыру, сувенирлік бұйымдардың нарыққа шығуы. Музей өнімдерінің нарыққа бәсекеге қабілетті түрін қалыптастыру.

14. Мәдени құндылық.

Мәдени құндылық түсінігі, ескерткіштің тарихи құндылығы түсінігі. Ескерткіштердің түрлері мен типологиясы, ескерткіштердің әртүрлілігі. Ескерткіштердің әлеуметтік – тарихи, мемориалдық мәні. Тарихи-мәдени ескерткіштер және олардың кездесу орталары. Қала мен оның тұрғындарын қалыптастырудағы ескерткіштердің статусы. Ескерткіштердің архитектуралық және ландшафттық ортасы. Қорғаныс аумағын құру.

15. Тарихи мәдени мұраны реставрациялау және консервациялау теориясы.

Реставрация табиғаты. Реставрацияның пайда болу тарихы. Реставрацияның теориялық дамуы. Тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау мақсатында реставрацияның жасалу кезеңі. Реставрация және консервация жұмысының ғылыми негізі. «Реставрация», «консервация», «реконструкция» түсінігінің этимологиясы.

16. Реставрацияның әдісі мен нысанын анықтау.

Ескерткіштердің құндылығын анықтау категориялары: құралдық, ғылыми, тарихи-мемориалдық, эстетикалық және т.б. Реставрация жұмысын сапалы бағалау. Музей затын қалпына келтіру үшін дискуссия құру. Ескерткішті сақтау мақсатындағы реставрацияның әдістері. Реставрацияны бағалау критерилері.

«ҚР тарихи-мәдени және табиғат мұралары: тарихы мен әдістемесі» пәні

1.«Ескерткіш» түсінігі және оның анықтамасы

Негізгі ұғымдардың анықтамасы: «Тарихи-мәдени ескерткіш», «Тарихи-мәдени мұра», «мәдени ландшафт». Санаттарды анықтау үшін пәнаралық ғылыми көзқарастар:

семиотикалық; экологиялық; аксиологиялық; ақпараттық. Тарихи-мәдени мұраның құндылығын анықтау критерилері: хронологиялық, эстетикалық, қасиетті және мемориалдық.

2. Ескерткіштерді қорғаудың теориялық аспектілері.

Ғұрыптық ескерткіштерді, советтік кеңістіктегі ескерткіштерді қиратқан кездегі қолданылатын шаралар. Тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтаудағы музейлердің ролі.

3. Ескерткіштерді қорғаудың құқықтық негіздері.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін, табиғаттың даму заңдылықтарын құжаттау. Қозғалмайтын тарихи ескерткіштерді музейлік қызметте қолдану.

4. Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау мен музейлендіру тарихы. Ескерткішті қорғау қызметінің алғашқы еңбектері: (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғ. басы). Н.И. Веселовский, В.Ф. Смолин, М.П. Погодина, Н.М. Никольский жұмыстары. Ескерткіштерді XX зерттеу: (М.Г. Худяков, А.М. Разгон, А.А. Формозов, В.К. Гарданов, Д.А. Равикович, Ю.Н. Жуков, О.В. Ионова және т.б.).

5. Тарихи-мәдени мұраны зерттеу және сақтаудағы мемлекеттік органдар.

Археологиялық комиссия құру: зерттеу, реставрация жұмысы. Түркістан әуесқойлар кеңесінің қызметі. Ескерткіштерді сақтау қоғамы. Министрліктер қызметі.

6. XX ғасырдың басындағы тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау қызметі

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде мәдени құндылықтарды қорғау мәселесі. Н.К. Рерих қызметі. Кеңестік биліктің тарихи және мәдени мұраны сақтау үшін ұйымдастырған алғашқы шаралары. Ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру бойынша бірінші Бүкілресейлік конференция.

7. 1945-1975 жылдардағы тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау.

14.10.1948 «мәдени ескерткіштерді қорғауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулысы. Тарих, сәулет, өнер, археология ескерткіштерін қорғау.

8. 11 тамыз, 1978 жылғы Қазақ КСР нің «тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану және қорғау туралы» заңы.

Заңның негізгі ережелері. Ескерткіштер түрлері. Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бақылау. Ескерткіштерді мемлекеттік тіркеу. Олардың сақталуын қамтамасыз ету.

9. Жаңа кезеңде тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану.

1992 жылғы ҚР «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» заңы. Табиғи және мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласындағы қазіргі тенденциялар. Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласындағы қазіргі заманғы реттеу жүйесі. Үкімет пен қоғамның ролі.

10. Табиғат, тарих және мәдениет ескерткіштерінің жіктелуі.

Тарихи-мәдени ескерткіштерді жіктеу принциптері. Жылжымалы және жылжымайтын ескерткіштер. Археологиялық ескерткіштер. Тарихи ескерткіштер. Мәдени ескерткіштер. Қала құрылысы және сәулет ескерткіштері. Өнер туындылары. Адамның әлемді тануындағы ғылым мен техника ескерткіштері. Деректі ескерткіштер. Табиғи ескерткіштер. Материалдық емес ескерткіштер. Негізгі санаттар: «мұра», «тарихи-мәдени мұра», «ескерткіш».

11. Ескерткіштерді музейлендіру.

Жылжымайтын ескерткіштерді музейлендіруді анықтау және оларды сақтаудың ең тиімді жолын қарастыру. Ескерткіштерді музейлендіру тарихы. «Ескерткіш» түсінігін кеңейту және музейлендірудің аумағын кеңейту. Музейлендіру тәжірибесі және музейге айналған тарихи-мәдени ескерткіштердің типологиясы.

12. Әртүрлі ескерткіштерді музейлендірудің ерекшелігі мен негізгі кезеңдері.

Ескерткіш пен экспозицияның байланысы. Тарихи-мәдени ескерткіштерді көрсетудегі техникалық құрылғылар. Тарихи-мәдени ескерткіштер мен қалалық зерттеулер. Сәулет ескерткіштерін музейлендіру. Анастилоз. Ғылым мен техника ескерткіштерін музейлендіру.

13. Археологиялық ескерткіштерді сақтау.

Археологиялық ескерткіштердің түрлері: тұрақ, мекен, қалашық, қорған, үңгір, тастағы суреттер. Қалған материалы бойынша жіктеу: тастан, шикі кірпіштен, ағаштан т.б. Музей қорғандар. Қорғаныс павильоны, жаппалар. Археологиялық ескерткіштерді музейлендірудегі перспективалық әдістер: «қалпақ», консервация, археологиялық реконструкциялық макеттеу. Ландшафтты музейлендіру.

14. Тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтаудағы музейдің орны.

Ашық аспан астындағы музейлер. ҚР қорық музейлері. Музей коллекциялары.

15. Ескерткіштерді қорғаудағы ҚР дың халықаралық келісімдер.

ЮНЕСКО, ИКОМ, ИКОМОС ұйымдарына Қазақстанның мүшелігі. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміндегі Қазақстанның нысандары. Халықаралық қарым-қатынастарды дамыту.

5. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Музейная экспозиция. Теория и практика. Искусство экспозиции. Новые сценарии и концепции. - М., 1997.
2. Система научного описания музейного предмета: классификация методика, терминология. Справочник. – СПб., 2003. – 408 с.
3. Музееведение. Музеи мира. - М., 1991.
4. Музейная экспозиция. На пути к музею XXI века. - М., 1997.
5. Калугина, Т.П. Художественный музей как феномен культуры. - СПб., 2008.
6. Каулен М.Е. Экспозиция и экспозиционер. - М., 2001.
7. Музей и новые технологии/ под ред. Никишина Н.А. - М., 1999.
8. Мазный Н.В., Поляков Т.П., Шулепова Э.А. Музейная выставка: история, проблемы, перспективы. – М., 1997.
9. Поляков Т.П. Мифология музейного проектирования. – М., 2003.
10. Музей. Маркетинг. Менеджмент. – М., 2001.
11. Музеи в период перемен. – СПб.: Контрфорс, 1997.
12. Музей будущего: информационный менеджмент. – М., 2001.
13. Пономарев Б.Б. Несовершенный музей в несовершенном мире. – М., 2002.
14. 2002.
15. Лорд Б., Лорд Г.Д. Менеджмент в музейном деле: Учебное пособие / Пер. с англ. Э. Н. Гусинского и Ю. И. Турчаниновой. Под ред. А. Б. Голубовского. – М., 2002.
16. Музеи. Маркетинг. Менеджмент: практическое пособие. – сост.В.Ю. Дукельский. – М., 2001.
17. Юренева Т.Ю. Музееведение. – М., 2006.
18. Шляхтина Э. Основы музееведения. – М., 2005.
19. Музеи в период перемен. – СПб.: Контрфорс, 1997.

Қосымша әдебиеттер:

1. Пул Дж. Когда менеджмент приносит деньги: руководство для культурных учреждений разных стран. – СПб., 1997.
2. Решетников Н.И. Комплектование музейных фондов. - М., 1997.
3. Актуальные проблемы фондовой работы музеев. - М., 1979, 1980, 1981.
4. Кучеренко М.Е. Научно-фондовая работа в музее. - М., 1999.
5. Вопросы охраны и использования памятников искусства и культуры. -М., 1990; 1992.
6. Вопросы изучения истории и культурного наследия Казахстана. - А., 1998.
7. Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. - А., 1998.
8. Юренева Т.Ю. Музей в мировой культуре. – М.: Рус. слово, 2003.
9. Музей в современном мире: традиционализм и новаторство/ сост. Л.И. Скрипкина. (Труды Государственного Исторического музея; вып. 104). – М.: ГИМ, 1999.
10. Музей как сообщество в условиях глобализации/ М-во культуры Рос. Федерации, Рос. ком. междунар. совета музеев (ИКОМ России). – М.: ИКОМ России, 2002.
11. Мерекеева С.К. Музеи Казахстана. – А., 2009.
12. Галкина Е.Л. Этнографические источники в музее: проблемы интерпретации/ М-во культуры Рос. Федерации, Рос. ин-т культурологи. – М., 1998.
13. Хадсон К. Влиятельные музеи/ пер. с англ. Л.Ю. Мотылев. – Новосибирск: Сиб. хронограф, 2001.

14. Атрибуция музейного памятника: справочник/ М-во культуры Рос. Федерации, Рос. этногр. музей; под ред. И.В. Дубова. – СПб.: Лань, 1999.
15. Охрана и использование памятников культуры/ Моск. гос. ун-т культуры и искусств; [сост. С.М. Шестова]. – М.: МГУКИ, 2004.
16. Культурно-образовательная деятельность музеев. - М., 1997.
17. Реставрация музейных ценностей: науч. и практ. работы/ отв. ред. М.В. Юсупова. – М.: ГИМ, 1999.
18. Российская музейная энциклопедия: в 2 т./ Рос. ин-т культурологи; [редкол.: В.Л. Янин и др.]. – М.: Прогресс, 2001. – 2 т.
19. Мұсаева С.Т. Музей менеджменті және маркетингі.- Алматы, 2006.
20. Раимханова К. Музей ісінің теориясы мен практикасы.- Алматы, 2002.
21. Болотников И.М., Тульчинский Г.Л. Менеджмент в сфере культуры. – учебное пособие. – СПбГУКИ, 2007. – 448 с.
22. Центральный государственный музей Республики Казахстан. – А., 2003.
23. Пономарев Б.Б. Несовершенный музей в несовершенном мире. – М., 2002.
24. Андреева И. Музейный бизнес и маркетинговые исследования // Art-менеджер. – М., 2003. – № 3.
25. Веревкин А.В. Сувенирная политика музея: Возможности и стратегия использования сувенира для повышения доходности учреждений культуры // Справочник руководителя учреждения культуры. – М., 2003. – № 7. – С. 68-78.
26. Вистингхаузен М. фон. Источники дохода для музеев // Экология культуры: Инф. бюллетень. – Архангельск, 2004. – № 3. – С. 53-57.
27. Ноль Я.Л. Информационные технологии в деятельности музея. – М.: Российский государственный гуманитарный университет, 2007.
28. Каулен М.Е. Музеефикация историко-культурного наследия России. – М., 2012.

Түсу емтиханның нәтижелерін бағалау критеріі

«Өте жақсы»:

- систематизированные, глубокие и полные знания по вопросам дисциплины;
- точное использование научной терминологии, стилистически грамотное, логически правильное изложение ответа на вопросы;
- умение ориентироваться в теориях, концепциях и направлениях по вопросам и давать им критическую оценку, использовать научные достижения других дисциплин;
- безупречное владение инструментарием дисциплины, умение его эффективно использовать в решении вопросов;
- полное и глубокое усвоение содержания основной и дополнительной литературы, рекомендованной программой дисциплины.

«Жақсы»:

- систематизированные, глубокие и полные знания по дисциплине;
- использование необходимой научной терминологии, стилистически грамотное, логически правильное изложение ответа на вопросы, умение делать обоснованные выводы;
- владение инструментарием дисциплины, умение его использовать в решении вопросов;
- усвоение содержания основной литературы, рекомендованной программой дисциплины;
- умение ориентироваться в базовых теориях, концепциях и направлениях по вопросам и давать им сравнительную оценку.

«Қанағаттанарлық»:

- достаточные знания в объеме программы дисциплины;
- усвоение содержания основной литературы, рекомендованной программой дисциплины;
- использование научной терминологии, стилистическое и логически изложение ответа на вопросы, умение делать выводы без существенных ошибок;
- владение инструментарием дисциплины;
- умение ориентироваться в основных теориях, концепциях и направлениях по вопросам дисциплины и давать им оценку.

Білімді бағалау шкаласы:

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	«Өте жақсы»
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	«Жақсы»
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	«Қанағаттанарлық»
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	

F	0	0-49	«Қанағаттанарлықсыз»
I (Incomplete)	-	-	«Пән аяқталмаған» (GPA санағанда есептелмейді)
P (Pass)	-	0-60 65-100	«Сынақ» (GPA санағанда есептелмейді PA)
NP (No Pass)	-	0-29 0-64	«Сынақтан өтпеді» (GPA санағанда есептелмейді)
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» (GPA санағанда есептелмейді GPA)
AW (Academic Withdrawal)			«Академиялық себептермен пәннен шығарылуы» (GPA санағанда есептелмейді)
AU (Audit)	-	-	«Пән тыңдалды» (GPA санағанда есептелмейді)